

ӘОЖ 967.86.7

ОЧЕРК ЖАНРЫНЫҢ АРХИТЕКТОНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Теміржанова Шынар

shinara-96@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Қ.М.Байтанасова

Архитектура - грекше *architekton* - оның мағынасын зерттеу әдебиеттерде былай түсіндіреді: «Архитектура әдеби шығарманың біртұтастығы, бүтіндігі, басты құрамдары

мен жеке бөліктерінің сәйкестігі, үйлесімділігі» [1, 50]. Бұл ұғым алдымен сәулет өнеріне байланысты қалыптасқан, ғимарат, құрылыстың сәнділігі жеке бөлшектерін бір-бірімен үйлестіріп, қиюластыру шеберлігіне саяды. Академик З.Ахметов архитекtonикаға мынадай анықтама береді: «Әдебиетте композиция деген ұғыммен архитекtonика қатар қолданылады. Композиция шығарманың құрылымы, жеке бөлшектерінің өзара түзілісін түгел қамтиды десек, архитекtonика шығарманың құрылыс бітімінің негізінен тұтастығы, бүтіндігі, құрамды бөліктерінің жарасым, үйлесім табуы» [2, 36]. Очеркте автордың өзі алдыға шығып факт, сан, құжаттар жинай отырып, публицистикалық элементтермен қоса көркемдік құралдарды да өзі таңдайды. Көркем прозада очерк-мақала, очерк-әңгіме, очерк-повесть және роман түрінде де кездеседі.

Очерк-әңгімеде оқиға баяндау арқылы жүзеге асады. Очерк-әңгіменің жанрлық ерекшелігі алдымен очеркестің оқиғаны баяндау тәсіліне, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкерлердің характерін ашу кезінде көрінеді. Кез-келген очерк әңгімеде де кәдімгі көркем әңгімедегідей бас-аяғы жинақы, тиянақты оқиға туралы айтылады. Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл», С.Сейфуллиннің «Қыр балалары», «Екі кездесу», «Бандыны қуған Хамит», Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Той», «Заман», М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қасеннің құбылыстары», Ғ Мүсіреповтің «Батыр большевик Амангелді», «Батырдың биік тұлғасы», «Шұғыла», С.Шариповтың «Рузи Иран» т.б. шығармалары қазақ әдебиетінде бірде очерк, бірде әңгіме деп аталып жүр. Әдебиет теориясын зерттеуші ғалымдар бұл шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін жіктегенде онда көркем әңгімеге де очеркке де тән қасиеттер мол екенін тілге тиек етеді. Бұл көркем шығармалар қазақ өмірінің тіршілігін қаз-қалпында бейнелейтін нағыз очерк нұсқалары екенінде дау жоқ. Бұлардағы сюжет желісі өмір шындығынан алынғанына кім кепіл деген сауал туындайды. Мүмкін кейіпкерлердің аты-жөнін автор өзгерткен шығар, кей жерінде ойдан қосып, көркемдік бояуын қалыңдатқан да болар. Мысалы Б.Майлин өзінің әңгімелерінде өмірде бар шындық оқиғаларды жазушылық талғаммен жинақтай отырып (обобщения) көркемдеп суреттеу арқылы нақты детальдар мен шрихтарды орынды, әрі үнемді пайдалана білген жазушы. Жазушының әңгіме-очерктері туралы М. Әуезов былай дейді: «Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды болып шығады. Әрі бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын ағарылады» [3, 385], - деп әділ бағасын береді. Бұл пікірден аңғарғанымыз, Бейімбет әңгімелері мейлінше қысқа, оқиғасы тартымды, көркем жазылған және қоғам өмірін қаз-қалпында шындық тұрғыдан бейнелеуі очерк жанрына тән қасиеттерді өз бойына сіңіре отырып, нақты фактілерге негіздеп жазуында.

Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде көркем очеркке тән сипаттар мол, нақты өмір шындығынан алынған фактілер негізінде жазылған. Оған дәлел «Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп» [4, 32], - деп Сейтқұлдың тарихта болған адам екенін, оқиға желісі шындыққа құрылғанын жазушы ескере кетеді. Қыпшақ Сейітқұл Түркістан жағында қалмақтың жортуылына ұшырай бергендіктен Қабырға өзенінің жағасына келіп егіншілікпен айналысып, айналасындағы халықты да отырықшылық, егіншілік кәсіппен шұғылдануды уағыздайды. Тарихта Сейітқұлдың ұрпақтары бүгінде Қабырға өзені бойында қоныс теуіп келеді екен.

С.Сейфуллиннің «Жұбату», «Қыр балалары», «Екі кездесу», «Бандыны қуған Хамит» ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының өмірін, тіршілігін қаз-қалпында бейнелейтін нағыз көркем очерк нұсқалары. Сәкен Сейфуллиннің «Жұбату» шығармасы 1917 жылы жазылған. Бұл қысқа очерк-әңгімесінде жазушы қазақ қыздарының басындағы ауыр халді Мүсіліма деген кейіпкері арқылы беріп, азаматтық бас бостандық тақырыбын көтерген. Бұл очерк-әңгімеде өктемдіктің ауыр салмағымен қоса әлеуметтік сарын да ашылады. Очеркке тән шығарманың бір тұсы - автордың өз пікірін, белгілі мәселеге байланысты ұстанымын ашық білдіруі дер едік. «Мен білемін қаусаған шалдың құлдығында, күндігінде жүріп сарғайған қазақ қызын, мен білемін наданның қаюан нәжісі үшін екі-үш

қатынның бірі болып қыспақта жылап жүрген қазақ қызын» [5, 6]. Мұнда баяндаушының «Мен» бейнесі айқын көрініп тұр. Мұнда автор өзінің тікелей оқиғаға қатысын білдіргендігі оқиға құру мен баяндау тәсілінен байқалады. Сәкеннің «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі де алдымен адам, оның өмірі мен тағдырын көрсеткен өмірбаяндық очерк-әңгіме қатарына жатады.

Егер біз очеркті өмірдің шежіресі десек, ұлылы-кішілі істердің, жаңалық атаулының жаршысы да осы очерк болып келген. Ертеректегі очерк-әңгіме нұсқалары халық өміріне етене жақын, ел тану, жер тану құралы да болған. Соның бірі 1935 жылы жазылған Сабыр Шариповтың «Рузи-Иран» атты танымдық қасиеттерге толы шығармасы. Ол туралы академик Р.Нұрғали былай дейді: «Зерттеушілер бірде мұны әңгімелер, бірде очерктер жинағы дейді. Асылы, бұл очерктер жинағы деп аталғаны жөн секілді, өйткені, очерк жанрына тән зерттеушілік-этнографиялық мәлімет мұнда көп және әңгімеден гөрі очеркке лайық публицистикалық сарын кітаптың өн бойын алып жатыр» [6, 102]. Бұл жазушының Иран елінде болып, өз көзімен көргендерін жазғаны аян. С.Шариповтың бұл шығармасында әңгімеге тән қасиеттер де жоқ емес. Очерк-әңгімеде Иран өмірінің екі қыры алынып, байлар мен саудагерлердің сән-салтанаты, екінші жағынан қарапайым халықтың қорлық-бейнеті сабақтастырыла суреттеледі. Қарапайым адамдардың басынан өткен оқиғалар очерк-әңгіменің сюжет желісін құрайды. Балбектің жол әңгімелері – Иран болмысын әр қырынан көрсетуге оңтайлы әдіс және Иранның сол кезеңдегі әлеуметтік өмірін шыншылдықпен бейнелеген.

Ғабит Мүсіреповтің «Батыр большевик Амангелді» шығармасы Бейімбет Майлинмен бірігіп жазған очерк-әңгімесі. Бұл 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің даңқты батыры Амангелді Иманов туралы жазылған шығарма. Бұл әңгімеден байқалатыны шығармашылық түйсіктің нақтылығы мен өмір шындығы тоқайласады. Екі жазушы қаншама адамдардың тағдырын зерттей жүріп, оны кейіпкерлер бойына шақтап, бір адамның, яғни Амангелдінің бойына сан-мыңдаған жүректердің қайғы-мұңын, арманын сыйғыза білген.

Жалпы алғанда, сюжеттің өзі шығармадағы біреумен-біреудің қарым-қатынасы, тартыстың шиеленісе түсуі, адамдар характерінің ашылу процесі, адам тағдырының екіталай күйге ұшырауының көркем шығармада көрініс табуы. Ғ.Мүсіреповтің Амангелді Иманов туралы очерк-әңгімесінде осы элементтер табылады және кейіпкердің өмірге келген күнінен бастап күрес жолындағы барлық іс-әрекеттері, Торғай жеріндегі ұлт-азаттық көтерілістің қазақ тарихындағы орны белес-белес мәселелер. Осылардың төңірегінен характер де тағдыр мәселесі де табылады. Бұл көркем очерк-әңгімені оқығанда оқырман бейтарап қала алмайды. «Дала қыраны торға түсті... Темірдей тегеуінен әл кетті. Асау жүрек тулауын тоқтатып, мәңгі сөніп қалды. Күні кеше бұлт қашып, қияда шарықтап жүрген қыран елеусіз жыраға құлады да, қансырап қала барды» [7, 474], - деген өкініш сезімдерін автор реалды қалпында батыл баяндайды. Бұл өмірбаяндық очерк-әңгімеде кез-келген эпизод оқушының сана-сезіміне әсер етіп, толғандырып отырады. Өмір оқиғаларының барысында талайлардың тағдырын тербеп, олардың әрқайсының характерін ашуға көп күш жұмсалған. Бұл очерк-әңгіме болғанымен оқушы одан фактінің дәлдігін іздеп, сол кездегі өмірдің жалпы шындығына үндес екендігіне зер салады.

Ғабит Мүсіреповтің «Шұғыла» очерк-әңгімесі 1933 жылы жазылған жолжазба түріндегі очерктік қасиеттері басымдау шығарма. Бұнда еңбек адамының өміршеңдігіне, 1930 жылдардағы оқшылықтардың басын ашып көрсетуге автор көп көңіл бөледі. Зорлықпен құрылған колхоз тарап, ел-жұрт тұрмыс таршылығынан азып-тозып кеткені жайлы айтылады және биліктің құлағынан ұстаған қағанағы қарқ болған, молшылыққа кенелген басшылар батыл сыналады. Бардың да, жоқтың да өткінші екенін негізге алған жазушы ыңғайы келген оқиғаларды қапы жібермей, Смағұлдың жалғыз сиырының ортаға түскенін, киіз үйден қала салынғанын, қардан соғылған уақытша пананың бәрі өткінші екенін философиялық тұрғыдан меңзейді.

Сонымен, қорыта айтқанда очерк-мақала, очерк-әңгіме, очерк повесть және роман болсын шындықты саяси тұрғыдан қорытатын, қоғамдағы зәру проблемаларды дер кезінде

көтеретін, көркем әдебиеттегідей суреттеу құралдарын молынан пайдаланатын, оқиғаның нақты шындығына оқырманның көзін толық жеткізетін көркем әдебиеттің ерекше жанры.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Квятковский. Поэтический словарь. - М.: Советская энциклопедия. 1966. – 962 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі(Құрас. З.Ахметов, Т.Шаңбай). –Алматы: Ана тілі. 1996. – 327 б.
3. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 8 том. – Алматы: Жазушы, 1981. – 417 б.
4. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Мектеп, 1985. – 369 б.
5. С.Сейфуллин. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 327 б.
6. Р.Нұрғали. Екі томдық. I-том. -Алматы: Арда. 2009. – 592 б.
Ғ.Мүсірепов . Таңдамалы. Үш томдық. II том. –Алматы: Жазушы, 1980. – 482 б.